

АНОНС!

МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ:
НЕ БІЛУ ҚАЗЖЕТ?

2-бетте

2-бетте

«НАУРЫЗ
ЖҰМЫСКЕР»
ТҰРҒЫН ҮЙ
БАҒДАРЛАМАСЫ
КІМДЕРГЕ
АРНАЛҒАН?

www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙГАК

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynýrý "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynýrý Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyrý, "Altyn júrek" sylyǵynýrý tegeři



№04 /sársenbi/ 29 qańtar 2025 ж.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖОЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫНА КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің республикалық маңызы бар жолдардың жағдайына көңілі толмай, «Қазавтожол» мекемесінің облыстағы өкілдеріне сын айтуы өңірдегі жол саласының мәселелері мен басқару тиімділігінің жетіспеушілігін көрсетеді. Әкімнің жол бойындағы ақауларды дер кезінде ретке келтірмеу және сервистік нысандардың санитарлық тазалығының төмендігі туралы ескертулері өңірдегі инфрақұрылымның сапасыздығын ашып көрсетеді.



Әкімнің жолдағы ақауларды дер кезінде ретке келтірмегені және жол бойындағы сервистік нысандардың санитарлық жағдайы туралы айтқан сыны, өңірдегі инфрақұрылымның дұрыс басқарылмайтындығын аңғартады. Жолдардың сапасы мен күтімі – аймақтың дамуында маңызды көрсеткіштердің бірі, ал бұл салаға жауаптылардың жауапкершілігі өлді де күшейтілмеген.

Жолдардың қысқы маусымға дайындық деңгейінің төмендігі туралы айтылған сын да өзекті мәселе. Қысқы уақытта жолдардың жағдайы ерекше маңызды, себебі осы кезеңде жол апаттары мен көлік кептелістері жиі орын алады. Егер қысқы күтім тиісті деңгейде жүргізілмесе, бұл қауіпсіздік мәселелерін туындатуы мүмкін. Сондай ақ, осыған қатысты әкімнің нақты тапсырмалары мен бақылауының болмауы, басқару жүйесінің өлсіздігін көрсетеді.

Жол құрылысымен айналысатын мекемелер мен құрылыс материалдарының сапасына бақылаудың күшейтілуі қажеттілігі анық байқалады. Бұл жерде ерекше көңіл бөлінген мәселе – жол жөндеу жұмыстарындағы сапа. Әкімнің талап қоюы мен құрылыс материалдарының тексеру жүйесінің күшеюі, жергілікті атқарушы органдардың тиімді бақылау жасай алмауының белгісі. Сапасыз жолдар мен материалдардың салдарынан үлкен қаржы шығындары орын алуы мүмкін, бұл өз кезегінде халықтың және мемлекет қаржысын тиімсіз пайдалануға алып келеді.

Нұралхан Көшеров жол қызметкерлеріне қойылған талаптың жоғары болатынын

және сапаның сақталуын қатан бақылауға алуды тапсырды. Бұл талап, әрине, дұрыс, алайда бақылау мен жауапкершіліктің арттырылуы тек өкімшілік деңгейде ғана емес, нақты орындаушылардың кәсібилігін арттыру арқылы жүзеге асуы керек. Өйт-

кені, жолдың сапасын бақылау тек әкімдердің тапсырмасы мен мемлекеттік мекемелердің жігі қадағалауымен ғана емес, құрылыс саласының мамандарымен қатар, қоғамның да қатысуымен орын алуы тиіс.

Жолдардың бұзылуына жол бермеу үшін кен орындарына таразылар орнату туралы тапсырма берілді. Бұл қадағалау механизмі көлік ағынының және ауыр жүк тасымалдарының өсерінен болатын жолдың бұзылуын азайтуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмдерін дамыту мен кәсіби қызметкерлерді даярлау мәселелеріне де назар аудару керек.

Жалпы Түркістан облысының жол саласындағы мәселелер өзекті және басқару тиімділігіне қатысты көп сұрақтар туғызады. Жолдарды күтіп-ұстау жұмыстарының сапасы мен уақтылы орындалуы тұрғындардың қауіпсіздігі мен аймақтың инфрақұрылымының дамуына тікелей әсер етеді. Ал жауапкершілікті арттырып, сапаны бақылау жүйесін нығайту жолдардың жағдайын жақсартуға, сондай-ақ мемлекеттік қаражатты тиімді жұмсауға мүмкіндік береді.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.



ЕЛІМІЗДЕ ҮШ ӘУЕЖАЙДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда ішкі туризм мен жолаушылар әуе тасымалын дамыту үшін Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежай құрылысы басталды. Бұл жобаларды іске асыру аталған өңірлердің экономикасының дамуына серпін береді, сондай-ақ отандық және шетелдік туристердің келуіне ықпал етеді. Сондай-ақ жобалар жергілікті тұрғындар үшін қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Сонымен қатар 2024 жылы ірі түйіндік хабтарды дамыту мақсатында әуе көлігі инфрақұрылымын жаңғырту аясында үш жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілді. Мәселен, Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жолаушылар терминалының өткізу мүмкіндігі ұлғайды.

Мәселен, Алматы қаласы Халықаралық әуежайы жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 2,5 млн-нан 14 млн жолаушыға дейін ұлғайды.

Шымкент қаласы әуежайының жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 800 мыңнан 6 млн жолаушыға дейін. Жаңа терминал халықаралық әуе бағыттарының санын 10-ға, рейстерді аптасына 24-ке дейін арттырды. Джидда, Медина (КСА), Доха (Катар), Фукуок (Вьетнам) және Пхукетке (Тайланд)

әуе қатынасы ашылды.

Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының өткізу мүмкіндігі жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін өсті. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласынан 25 ішкі рейс орындалуда.

«Skyhansa» қазақстандық-германдық компаниясымен «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында қуаты сағатына 500 адамға дейінгі жолаушылар терминалын, сыйымдылығы 550 мың тоннаға дейінгі отын қоймасын, жүктерді 250 мың тоннаға дейін толық өңдейтін жүк терминалын салу, әуе кемелеріне қызмет көрсету авиациялық-техникалық орталық құру бойынша жоба іске асырылуда. Сондай-ақ 300-ден астам тұрақты жұмыс орынын құра отырып, халық үшін туристік және сауда, ойын-сауық қызметтерін дамыту жоспарланған.

Соңғы жылдары әуе көлігі жолаушылар үшін ыңғайлы әрі тартымды болуда. Мысалы, Қазақстанда жыл сайын әуе тасымалы 10-15%-ға артады. 2024 жылы қазақстандық авиакомпаниялар 15 млн-ға жуық адамды тасымалдады, әуежайлар 30 миллион жолаушыға, оның ішінде шетелдік авиакомпаниялар мен азаматтарға қызмет көрсетті. 2024 жылы жүк тасымалы көлемі – жылына 28 мың тоннаға ұлғайды.

Отандық әуе тасымалдау жүйесін дамытудағы маңыз-

ды элемент ұшақтар паркін жаңарту. Ол жыл сайын 10-15 әуе кемесімен толықтырылады. Бүгінгі таңда Қазақстанның авиапаркі 102 ұшақты құрайды.

Бүгінде Қазақстаннан халықаралық әуе қатынасы 31 елмен аптасына 582 рейс жиілігімен 117 бағыт бойынша орнатылды.

Қазақстанның әуежайларында ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Жерүсті қызметінің мамандары алғашқы медициналық көмек көрсету, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды сүйемелдеу бойынша тұрақты арнайы оқудан өтеді. Амбулаторлық көтергіштер, арнайы арбалар, көзі нашар көретіндерге арналған арнайы жолақшалар мен дыбыстық навигация жүйелері бар.

Еліміздің халықаралық әуежайларында ана мен балаға арналған бөлмелер, валюта айырбастау пункттері, пошта байланысы, сымсыз интернет бар.

Жолаушылар әуе тасымалдары көрсеткішінің өсуі, маршруттардың артуы ішкі және шетелдік туризмді дамытады. Бұл ел өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Қазақстандағы авиация саласының дамуы, халықаралық танылымы ұшу қауіпсіздігіне байланысты. Қазақстанда ұшу қауіпсіздігі халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейі 82%-ды құрайды. Бұл – ТМД елдері арасында ең жоғары көрсеткіш. Дания мен Польша сияқты Еуропа Одағы елдерімен салыстыруға келеді.

Бұл нәтижелер Қазақстандағы авиациялық туризмді дамытуға, сондай-ақ, еліміздің экономикалық өлеуетін нығайтуға және оның халықаралық аренадағы тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді.

«Айгак»-ақпарат.

АНОНС!

4-бетте

САУРАНДА АРНАЙЫ
ТЕХНИКА ШЫҒАРЫЛАДЫ

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ГРАНТТЫҚ
МҮМКІНДІКТЕР БОЙЫНША
ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР

3-бетте



МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ: НЕ БІЛУ ҚАЖЕТ?

2025 жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтер ресми түрде механикалық көліктерге теңестіріледі.

Оларды пайдалану үшін:

полицияда тіркелу;

A1, A немесе B санатындағы жүргізуші куәлігі;

техникалық тексеру;

азаматтық жауапкершілікті сақтандырудан өту қажет болады.

Тіркелу үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы ХҚКО-ға келесі құжаттармен жүгіну қажет:

жеке куәлік (электронды түрде болуы мүмкін);

мопедтің техникалық құжаты немесе сипаттамалары.

Кейін өтінішті толтырып, мопедті

тексерістен өткізіп, қажетті мемлекеттік баждарды төлеу керек.

– Маңызды: 5 сәуірден бастап

тіркелмеген мопедтерді пайдалануға,

жүргізуші куәлігінсіз жүруге тыйым салынады.

Бұзушылықтарды болдырмау үшін мопедті алдын ала тіркеп,

жүргізуші куәлігін алуға ұсынамыз, – деді ІІМ өкімшілік

полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Арай Төлегенқызы.



«НАУРЫЗ ЖҰМЫСКЕР» ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ КІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН?

Үкімет Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық мамандарды қолдау шараларын қабылдауда. Отбасы банкінің «Наурыз жұмыскер» жаңа бағдарламасы іске қосылғаны туралы жарияланып, жұмысшы мамандарды баспанамен қамту мәселесі шешілді, деп хабарлайды Prtminister.kz.

Бағдарлама өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салалары қызметкерлерін қамтиды. Биыл «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында жұмысшы мамандықтары өкілдеріне 72 млрд теңге көлемінде 2 440 несие беру жоспарланып отыр. Өтінімдерді 2025 жылдың 17 наурызынан бастап қабылдау жоспарланған. «Наурыз жұмыскер» бүгінде белгілі «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының бір бөлігі болмақ.

Бағдарлама талаптары бойынша азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 7% (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін) және қалған барлық санаттар үшін 9%-дық (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін) мөлшерлеменен несие беріледі. Бастапқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үйді сатып алу үшін

10%-дан, әрленбеген бастапқы тұрғын үйді және қайталама нарықтағы тұрғын үйді сатып алу үшін 20%-дан басталады. Несиенің ең жоғары сомасы облыстар үшін 30 млн теңге, Астана мен Алматы қалалары үшін 36 млн теңге.

Сондай-ақ «Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар Отбасы банкі отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шеңберінде жұмыс істейді, бұл кәсіпорындардың өз қызметкерлеріне несие беру үшін қаражат бөлуін білдіреді.

«Президентіміз 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Кеншілер, металлургия, тас қалаушылар, электриктер құюшылар ауыр жұмыстарды атқарады. Осы және басқа да көптеген мамандық иелері бізді негізгі қажеттілігімізді қамтамасыз етіп отыр. Мұндай мамандарға жасалған қамқорлық – бүкіл қоғамның игілігі үшін жасалған қамқорлықпен тең. Көпшілігі қиын жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан олардың баспана мәселесін шешу – қиын еңбек жағдайларының орнын толтыруға септігін тигізеді», – деді «Отбасы банкі» АҚ Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ҮШІН ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР ЕНДІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Бірыңғай дистрибьютор қазірдің өзінде 1 581 дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алды, бұл жылдық жоспардың 91,5 %-ын құрайды.

2025 жылғы 5 қаңтардан бастап медициналық ұйымдарға 18,14 млрд теңге сомасына дәрі-дәрмектерді жөнелту басталды. Сатып алу қорытындысы бойынша бюджетті үнемдеу 56,6 млрд теңгеден асты. Бұл қаражат басым бағыттар бойынша препараттарды сатып алуға бағытталатын болады.

Бір мезгілде белгілі бір аурулары бар азаматтарды тегін және жеңілдікпен қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен бұйымдардың тізбесін өзектендіру жүргізілуде. Өзгерістердің негізі халықаралық тәжірибе болды және медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыратын пациентке бағытталған тәсілге баса назар аударылды.

Қажеттіліктерді дәл есепке алу үшін Министрлік дәрі-дәрмектерді автоматтандырылған есептеудің жаңа әдістемесін әзірледі.

Учаскелік дәрігерлер ақпараттық жүйелердегі пациенттер туралы деректерді толтырады, бұл дербестендірілген тәсілді және уақтылы толықтыруды қамтамасыз етеді.

АЗАМАТТАР МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫНЖАЙДЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРЕ АЛАДЫ



2025 жылғы 21 қаңтарда ҚР Премьер-Министрі «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру ережесіне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына қол қойды.

Қаулымен бұрын сатып алу құқығынсыз берілген жалдамалы тұрғынжайларды және жалғыз тұрғынжайы апатты деп танылған тұрғынжайларды азаматтарға жекешелендіру құқығын беру көзделген.

Жекешелендірудің қолданыстағы тетіктеріне сәйкес азаматтар тұрғынжайды қалдық құны бойынша толық сатып ала алады немесе артық төлемсіз бөліп төлеуді рәсімдей алады.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, «бөліп төлеу» тетігін таңдау кезінде бастапқы жарна 30% -дан 10% -ға дейін төмендетілді, сондай-ақ қалдық құны 15 млн теңгеден асатын тұрғынжайлар үшін бөліп төлеу мерзімі 15 жылға дейін ұзартылды. Қағида алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бөліп төлеу тетігі кезінде есептеу мысалдары:

Тұрғынжайдың қалдық құны - 9 млн. теңге, бастапқы жарна - 900 мың теңге. 10 жылға дейін бөліп төлеу мерзімін таңдау кезінде ай сайынғы төлем 67,5 мың теңгені құрайды.

Тұрғынжайдың қалдық құны - 16 млн. теңге, бастапқы жарна - 1,6 млн. теңге. Бөліп төлеу мерзімін 15 жылға дейін таңдау кезінде ай сайынғы төлем 80 мың теңгені құрайтын болады.

ЖЕКЕ МЕКТЕПТІҢ 25 МЫҢ ОҚУШЫСЫ ТЕГІН ТАМАҚТАНАДЫ



Жекеменшік мектептерде оқитын аз қамтылған отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету биылғы жылдан басталады. 30 желтоқсанда Президент Білім және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңға қол қойды.

Негізгі жаңалықтардың бірі жекеменшік мектептердің 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақтандыру. Жаңа бастама 25 мыңнан астам баланы қамтиды. Оны жүзеге асы-

руға жергілікті бюджеттен 12 млрд-тан астам теңге бөлінді.

Сондай-ақ Заң мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын оқушылар үшін әлеуметтік қолдау шараларын кеңейтуді көздейді. Бұрын «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан мектеп керек-жарақтары мен кеңсе тауарларын сатып алуға көмек тек мемлекеттік мектеп оқушыларына ғана көрсетілген болатын. Енді ол жекеменшік мектеп оқушыларына да қатысты болады.

«Жаңа заң аясында жергілікті атқарушы органдарға меншік нысанына қарамастан, әлеуметтік осал отбасылардың барлық балаларына әлеуметтік көмек көрсету құзыреті беріледі. Бұл барлық балалар

үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам», - деп мәлімдеді ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың қыркүйегінен бастап бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік санаттағы 5-11 сынып оқушылары үшін мемлекеттік мектептерде тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында мемлекеттік мектептерде оқитын 1,7 млн-нан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілді. «Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясында 510 мың оқушыны құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге қосымша 22,5 млрд теңге бөлінді.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОРЫМДАРДАН ЕЛДЕ БҰРЫН-СОҢДЫ КЕЗДЕСПЕГЕН БҰЙЫМДАР ТАБЫЛДЫ

Қызылқоға ауданына қарасты Қарабау ауылының солтүстігінен 10 шақырым жерде орналасқан «Қарабау-2» қорғанының диаметрі 70, биіктігі 3 метр. 2023-2024 ж.ж. қорғанға жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 9 қабір зерттеліп, оның жетеуінің тоналмағандығы анықталды, деп хабарлайды Атырау облысының өкімдігі.

Қабірлерді зерттеу барысында олардың біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда салынғаны белгілі болды. Олардан түрлі әшекей бұйым, заттар, қару-жарақтар мен керамикадан, сүйектен жасалған ыдыстар табылды.

Археологтардың сөзінше, мөйіттерді топтап жерлеген жағдайлар да кездескен. Обалардан табылған әшекейлер мен пайдаланған бұйым мен қару-жарақтарға қарап мамандар «патшалық обалар» деген баға беріп отыр.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2 жылдық археологиялық жұмысының нәтижесі «Сармат алтындары» көрмесінде таныстырылды.

«Ғалымдар осыған дейін біздің аймақты Сармат империясының шеті деп есептеп келген. Біз жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесіне қарап Каспий ойпаты, Жайық, Жем өзенінің маңы кезіндегі үлкен империяның орталығы деп айтуға болады. Жалпы табылған жәдігердің саны мыңға жуықтайды. Оның жүз шақтысы – алтын

әшекей мен зергерлік бұйым. Олар аң стилі негізінде жасалған. Сол дәуірде өңірді мекендеген жыртқыштардың бейнесі (барыс, қабан, жолбарыс, киік) табылған заттардан байқауға болады. Осы зерттеу жұмысының аясында бұрын кездеспеген ағаштан жасалған қос тостаған жақсы күйде сақталыпты. Қазіргі уақытта олар реставрацияда», – деді археологиялық экспедицияның басшысы Марат Қасенов.

Жалпы 3 оба қазылған. Әрқайсысынан шамамен 10-15 қабір анықталып отыр.

Археологтардың айтуынша, сарматтар төңірлік діни көзқараста болғандықтан қолданған бұйымдарымен қатар, қолданған заттары мен қару-жарақтарымен бірге жерленген. «Қарақұдық-1», «Қарақұдық-2» қорғандары Қарабау ауылынан солтүстік батысқа қарай 9,7 шақырым қашықтықта орналасқан. Қос қорғанды зерттеу барысында да күміс пиктограмма (ақбөкеннің, қасқырдың суреттері), зергерлік бұйымдар, тұрмыстық бұйымдар, темір мен қоладан жасалған қару-жарақтар сынды дүниелер табылды.

Қазба жұмыстарына 20 жұмысшы мен музейдің 5 қызметкері қатысқан. Астана мен Алматы қаласынан антропологтар шақырылған. Жалпы барлау жұмыстарының нәтижесінде Қарабау ауылының маңындағы обалар 2005 жылы анықталған.

СУ ТАСҚЫНЫН БОЛЖАУ ЖҮЙЕСІ ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Су ресурстары және ирригация, Экология және табиғи ресурстар, Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп су тасқынын болжауға және модельдеуге мүмкіндік беретін Tasqun ақпараттық жүйесін әзірлеп жатыр. Қазір жүйе жаһандық GloFAS су тасқыны туралы ескерту жүйесіне біріктірілді. Tasqun жүйесі 135 өзен бойынша су тасқыны кезеңіне қатысты ұзақ мерзімді болжам алуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Су ресурстары және ирригация министрлігінің ресми өкілі Мәлдір Әбдуалиева ОКҚ брифингінде хабарлады.

Оның айтуынша, бірінші болжам шамамен ақпан айының басында, екіншісі наурыздың басында беріледі.

«Жинақталған мәліметтер су тасқынын болжау үшін де пайдаланылады. Сонымен қатар Tasqun жүйесінде жұмыс істеу үшін су тасқынын болжау және модельдеу әдістемесі әзірленіп, бекітілді. Алгоритм келесідей: құзырлы органдар жүйеге су деңгейі, су жіберу көлемі және гидрометеоболжам бойынша мәліметтерді енгізеді», – деді ведомствоның ресми өкілі.

ЕСКЕК ЕСУ КАНАЛЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерөв ескек есу каналының құрылыс барысын талқылап, оның айналасын туристік орталыққа айналдыру бағытындағы жобалар бойынша мандардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Италяндық сәулетші Доменико Ротоло туризмді дамытуға бағытталған жоспарлары мен жобаларын баяндап, өз тұжырымдамасын таныстырды. Ол отбасымен демалатын және туристерді тартатын аквапарк желісі, жағажайлар мен қонақүйлердің тұжырымдамасын ұсынды. Сонымен қатар, саябақтар мен веложолдар салу, сондай-ақ басқа да ұсыныстарын ортаға салды. Ротоло ескек есу каналының халықаралық деңгейдегі сайыстарды қабылдайтынына сенім білдірді. Мәжіліс барысында бейнебайланыс арқылы қатысқан түркиялық сәулетшілер де өз ойларын айтып, жылдың төрт мезгілінде де халық пен туристерге қызмет көрсететін орталық салу туралы пікірлерін білдірді.



Облыс әкімі Нұралхан Көшерөв жауапты басшыларға жобаларды жан-жақты зерделеп, инвесторлармен келіссөздер жүргізуді тапсырды. Түркістанды туристік орталыққа айналдыру бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Түркістан облысында білім беру, денсаулық сақтау нысандарын салу және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік нысандардың құрылыс



100-ДЕН АСТАМ МЕКТЕП ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

барысы талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды. Облыс әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға міндеттерін сапалы орындауды тапсырды.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында еліміздегі 1 300 мектепті жаңғырту жөнінде тапсырма берген болатын. Түркістан облысынан бұл жобаға 115 мектеп енгізілген. Тапсырмаға сәйкес, 2025-2027 жылдары 115 мектептің ғимараттарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Биыл облыстағы 41 мектепте ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын өткізу жоспарланып отыр. Өткен жылы бюджет есебінен 50 мектептің құрылысы басталып, 26-сы пайдалануға берілді. Қалған 24 мектептің құрылысын биыл бекітілген кестеге сәйкес аяқтап, тамыз айына дейін тапсырылуы тиіс. Сонымен қатар, биыл тағы бірнеше мектептің құрылысы жоспарлануда. Әрбір құрылыс нысанындағы жұмыстар қатаң бақылауда болуы керек. Уақтылы және сапалы тапсырылуы тиіс, – деді Бейсенбай Дәулетұлы.

Түркістан облысы білім басқармасының орынбасары Жандос Нұрпейісовтің айтуынша, облыста жалпы 1082 орта білім беру мекемесінде 554 753 оқушы білім алады. Өңірдегі мемлекеттік мектептердің 791-і типтік, 124-і ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан. Бүгінде облыста 5 800 орынды 24 мектептің құрылысына қажеттілік бар. Сондай-ақ, 7 200 орынды 17 мектептің құрылысын мемлекеттік-

жекешелік өріптестік негізінде салу жоспарлануда. 2025-2027 жылдар аралығында 12 000 орынды 41 мектептің құрылысын жүргізу көзделіп отыр. Қазіргі таңда, 2025 жылы күрделі жөндеуді қажет ететін 26 мектептің 3-еуіне «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасымен, қалған 23-іне облыстық бюджет есебінен қаржы бөлінген.

Облыстағы 1279 мемлекеттік білім нысанының 43-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, 1 236-сы автономды жылыту қазандықтарымен қамтамасыз етілген. Өткен жылы облыстағы 107 білім беру мекемесінің жылу жүйесі табиғи газға қосылған. Бұл жұмыстар білім саласынан үнемделген қаржы есебінен жүзеге асырылды. Биыл тағы 100 мектепке осындай жұмыстар жүргізіліп, үнемделген қаржы қайтадан осы мақсатқа жұмсалуды деп жоспарлануда.

Келесі баяндамада облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Кенжебаев өткен жылы өңірде 55 медициналық нысанның пайдалануға берілгенін хабарлап, қазіргі таңда тозығы жеткен 58 нысанның қажеттілігі анықталғанын атап өтті. Биыл осы нысандарды зерделеп, маңыздылығына қарай 25 нысанның мәселесін дайын ғимараттарды сатып алу арқылы шешу көзделуде. Ал жаңа құрылысқа аса қажетті нысандардың тізімі жасалып, іске асырылады. Сонымен қатар, биыл 4 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтеді.

САУРАНДА АРНАЙЫ ТЕХНИКА ШЫҒАРЫЛАДЫ



Түркістан облысында машина жасау өнеркәсібін дамыту бағытында маңызды жобалар жүзеге асуда. Өңірде отандық шағын габаритті арнайы техника мен коммуналдық қондырма жабдықтарын шығаратын жаңа өндіріс орны ашылды. Бұл кәсіпорын облыс орталығындағы «SPK Turkistan» өндірістік паркінде орналасқан. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерөв өңірдегі инвестициялық жобалар шоғырланған өндірістік паркті аралап, Сауран ауданындағы «BNK GROUP LTD» ЖШС кәсіпорнында болды.

Жұмыс жоспары бойынша, бұл зауыт жылына 1 мың арнайы техника шығарады деп жоспарланған. Жоба биылдан бастап жүзеге асырылмақ. Айта кету керек, аталған кәсіпорында елімізде алғаш рет жаңбырлатып суару машиналары өндіріліп, Түркістанда жасалған өнімге сұраныс артып отыр. «BNK GROUP LTD» кәсіпорны америкалық «Nelson Irrigation» компаниясымен бірлесе отырып, «BNK Irrigation» сауда белгісімен айналмалы және фронтальды жаңбырлатқыш машиналар шығару өндірісін іске қосты. Бұл жоба президенттің тапсырмасы аясында 2030 жылға дейін облыста 216,3 мың гектар жерге су үнемдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік береді.

Одан әрі облыс әкімі тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтарын өндіретін «Jasyly suuq Qazaqstan» кәсіпорнының өндіріс алаңына барып, болгариялық «UBC

Group» холдингінің Түркістан облысында екі ірі өндіріс желісін ашу жөніндегі шешімін қолдады. Инвесторлар жобаның бірінші кезеңіне 5 млн еуро көлемінде қаржы салуды жоспарлап отыр. Бұл жобалар «SPK Turkistan» аумағындағы өндіріс алаңында 350 жаңа жұмыс орнын ашуды көздеген. Ал «Тұран» арнайы экономикалық аймағында іске қосылатын екінші зауытқа 7,5 млрд теңге инвестиция құйылады, нәтижесінде айына 10 мыңға дейін тоңазытқыш жабдығы шығарылып, мың адам жұмыспен қамтылады.

Сондай-ақ облыс әкіміне көрме орталығының жобасы таныстырылды. Бұл орталық сауда, қызмет көрсету, компанияларды таныстыру, көрмелер ұйымдастыру және басқа да шаралар өткізу үшін арнайы ғимараттарды қамтитын болады. Жоба еуропалық стандарттарға сай жүзеге асырылмақ.

Өндірістік парктің құрылысы 100 гектар аумақта жүргізіледі. Құрылыс екі кезең бойынша жоспарланып, жалпы 151 ғимарат салу көзделуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстары «Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен жеке инвесторлардың қаржысы есебінен жүзеге асуда. Индустриялық алаңның бірінші кезеңінде 30 гектар жер телімі бөлініп, қажетті инфрақұрылым мен коммуникация желілері тартылған. Бүгінде парк аумағында 10 ғимараттың құрылысы аяқталды. Өткен жылы 36,5 миллиард

теңге көлемінде инвестиция тартылып, 8 өндіріс нысаны іске қосылып, 712 жаңа жұмыс орны ашылды.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерөв бұл жобаны өз бақылауына алып, құрылыс барысын мұқият қадағалауда. Жобаның жүзеге асуы аймақтың индустриялық дамуына елеулі үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Биылғы бірінші тоқсанда өндірістік паркте тағы 16 ғимараттың іске қосылуы жоспарланған. Әрбір ғимараттың ауданы 1584 шаршы метрді құрайды, ал қажеттілікке қарай бұл алаңның ауданы кеңейтілмек. Екінші кезеңде, 2025-2026 жылдары, 70 гектар аумақта 112 ғимараттың құрылысы басталады. Бұл кезеңде де жаңа өндіріс орындары ашылып, өңірдің экономикалық дамуына қосымша серпін берілмек.

Аталмыш жоба Түркістан облысының индустриалды инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Жаңа өндіріс орындары мен инвестициялық жобалар өңірдің экономикалық тұрақтылығын нығайтып, тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, инновациялық технологияларды енгізу және жаңа өнім түрлерін шығару облыстың ауыл шаруашылығы мен құрылыс салаларына да оң әсер етуі мүмкін. Әсіресе, жаңбырлатып суару жүйелерін шығару арқылы Түркістан облысында ауыл шаруашылығын тиімді сумен қамту мәселесін шешуге ықпал етілмек.

Жобаның іске асырылуы кезінде құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде орындалуы ерекше назарда болуы керек. Әкімнің бұл жобаға деген бақылауы жоғары болғанымен, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық деңгейдегі жауапты тұлғалардың үйлесімді жұмыс жасауы қажет.

ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН АЛҒАШҚЫ ПОЙЫЗ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақстанда жолаушыларға ғаламтор қолжетімділігін ұсынған алғашқы пилоттық жоба аясында №3/4 «Астана-Алматы» пойызы елордадан жолға шықты. Аталған бағыттағы сапар 17 сағатқа созылады. Алғашқы сапарда 500 жолаушы ғаламторға қосылу мүмкіндігін қолданды.

Жолаушылар жаңа қызмет арқылы WhatsApp-та бейнеқоңырау жасап, YouTube-тан бейнероликтер көріп және басқа да танымал ғаламтор-сервистерді пайдаланды. Алайда, торренттер мен ағынды жүктеу сайттарына кіруге шектеу қойылғанын ескерген жөн. Жолаушылардың айтуынша, ұзақ сапарларда ғаламтордың қолжетімділігі жол жүруді әлдеқайда қолайлы әрі қызықты етеді.

Пойыздағы ғаламтор заманауи спутниктік технологиялар арқылы іске қосылған. Локомотивке орнатылған спутниктік құрылғы бір пойыз құрамында тұрақты және жоғары жылдамдықты ғаламторға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жобаны жүзеге асыру Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Көлік министрлігі, сондай-ақ, «Jusan Mobile» телекоммуникациялық компаниясы мен Қазақстандағы Eutelsat-OneWeb ресми дистрибьюторының бірлескен жұмысының нәтижесінде мүмкін болды.

Жоба аясында билеттерді тексеруге арналған мобильді терминалдар, пойыз басшылары үшін бейнерегистраторлар және бейнебақылау жүйелері орнатылды. Барлық жазбалар автоматты түрде бұлтты деректер қоймасында сақталып, бақылау мен қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ғаламтордың енгізілуі мейрамхана вагонындағы төлем жүйесіне өзгеріс әкелді – енді жолаушылар тапсырыстарын жол барысында POS-терминалдар арқылы төлей алады.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ГРАНТТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР БОЙЫНША ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР



Қазіргі заманда білім – жеке тұлғаның қалыптасуы үшін ең негізгі аспектілердің бірі. Қазақстандық жастар үшін, қысқа мерзімді кезеңмен қатар, ұзақ мерзімді де шетелдік білім тәжірибесін алудың көптеген мүмкіндіктері бар. Осы мақала жастар өкілдеріне шет елдердегі барынша қолайлы оқу бағдарламасын таңдап алуға көмектеседі.

Шет елдердегі гранттық мүмкіндіктер бойынша пайдалы сілтемелер

bilim.kz – Орталық Азия тұрғындары үшін гранттар сайты;
facebook.com - Орталық Азия мен Шығыс Еуропа тұрғындары үшін гранттар мүмкіндіктері;
facebook.com - белсенді жастар үшін пайдалы стипендиялар тобы;
vk.com - қысқа мерзімді стипендиалды мүмкіндіктер бойынша топ;

gradstudyabroad.ru - сайттың жастар конференцияларының бағдарламалары бойынша пайдалы сайттарға сілтемелері бар;
scholarship-positions.com - бүкіл әлемнен стипендиалдық бағдарламалардың сайты;

www.gov.kz/memleket/entities/edu - ҚР Білім және ғылым министрлігінің сайты, түрлі сәріктес елдердегі тегін оқу конкурстарының тарауы;

kz.emb-japan.go.jp - Қазақстандағы Жапония Елшілігінің сайты. Жапон қоры бағдарламасы бойынша студенттерді жинау жөніндегі егжей-тегжейлі ақпарат;

www.kazakhstan.campusfrance.org - Абай-Верн стипендиялық бағдарламасы.

Қосымша:
 “Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына сәйкес

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жыл сайын “Халықаралық бағдарламалар орталығы” АҚ сайтында орналастырады (сілтеме: www.bolashak.gov.kz) 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған жоғары білім беру саласындағы шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу жөніндегі құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру және дипломатиялық нота алған күннен бастап шет елдер.

Сондай-ақ, “Болашақ” халықаралық стипендиясы шеңберінде түсу үшін жоғары оқу орындарының тізімдері, құжаттар тізбесі және т.б. бойынша барлық қажетті ақпарат. сілтеме бойынша табуға болады: www.bolashak.gov.kz “үміткерлер” бөлімінде.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) – Қазақстан Республикасының кез келген азаматы үшін өзінің не баласының атына білім беру жинақтау салымын ашып, оны болашақта Қазақстанда және шетелде кәсіптік техникалық және жоғары білім алу үшін оқудың ақысын төлеуге қолайлы мүмкіндік.

Аталған АҚҰЛ білім беру депозитіне банкпен пайыздар (банкке байланысты) және 5% немесе 7% мемлекеттен жыл сайын сыйлықақы есептеледі. Мемлекет сыйлықақысы жыл сайын банктің сыйлықаларымен бірге есептегендегі салымдағы жалпы сомаға, бірақ бір жылда 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде аударылады:

7% басымдылықты санаттағылар үшін: жетім балалар, ата-анасының қамқорлығын-

сыз қалған балалар, мүгедектер, көп балалы отбасынан шыққан және аз қамсыздандырылған отбасылардан шыққан балалар;

5% басқа санаттағы ҚР азаматтары үшін.

Минималды бастапқы жарна - 3 АЕК.

Жинақтау мерзімі 3 жылдан 20 жылға дейін.

АҚҰЛ білім беру депозитін ашу үшін бар-жоғы екі-ақ құжат қажет:

Ата-аналарының бірінің жеке куәлігі.

Баланың туу туралы куәлігі және ЖСН.

Грантқа ие болған салымшының құқықтары:

депозиттен жинақты алу; ақшаны басқа баланың аты-

на аудару;

білімнің басқа деңгейлерін алу үшін жинақтауды жалғастыру.

АҚҰЛ білім беру жинақтау депозитінің ерекшеліктері:

АҚҰЛ білім беру жинақтау депозиті мемлекет сыйлықақысымен көтермеленеді; мемлекет сыйлықақысы табыс түрі ретінде салықтан босатылады;

АҚҰЛ білім беру жинақтау депозиті жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіру қорының нысаны болып табылады (10 млн. теңгеге дейін);

мемлекет атынан ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ-ның 100% кепілдігімен Банкпен білім кредитін алуға мүмкін-

дік бар.

Салымды ашу үшін не қажет: 1-қадам – Біздің байланыс телефондарымыз арқылы «Қаржы орталығы» АҚ-дан кеңес алу.

2-қадам – Қатысушы банктердің бірін таңдау. Білім беру жинақтау депозитін ашу. Бастапқы жарнаны енгізу.

3-қадам – Банкпен сыйлықақы және мемлекеттен сыйлықақы алу.

4-қадам – Қазақстанның немесе шетелдің колледждерінде/ЖОО-ларында оқудың ақысын төлеу. Грант бойынша оқуға түскен жағдайда банктің және мемлекеттің пайыздарын түгел алу.

ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ

Іріктеуді ұйымдастыру

Әскери қызметшілерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік ЖОО-ларда оқуға іріктеуді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті әскери кадрларды даярлау саласындағы халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13268 болып тіркелген) Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрілігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік ЖОО-ларда оқуға іріктеу одан әрі оқуды шетелдік ЖОО-ларда оқу мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрілігіне ведомстволық бағынысты жоғары әскери оқу орындарының (бұдан әрі – ҚР ҚМ ЖОО) бірінші курсына оқуға түскен әскери қызметшілер қатарынан іріктелетін жылдың 15 тамызына дейін ҚР ҚМ ЖОО бастығының атына берілген баянат негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтардың ҚР ҚМ ЖОО-ларына одан әрі шетелдік ЖОО-ларда оқу мақсатында оқуға түсуі “Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрілігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13268 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Медициналық, музыкалық мамандықтарға және аударма ісіне оқуға түсу үшін ҰБТ бейіндік пәні: медициналық мамандықтар үшін биология, химия, музыкалық мамандықтар үшін шығармашылық емтихан, аударма ісі үшін шет тілі болып айқындалсын.

Шетелдік ЖОО-ларға іріктеу жүзеге асырылатын тізім, сондай-ақ қойылатын талаптар, іріктеу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат іріктеу жылының 1 мамырына дейін жергілікті әскери басқару органдарында орналастырылады.

Баянатқа кандидаттың әскери атағы, тегі, аты және өкесінің аты (ол бар болған кезде), туған жылы мен айы, оқуға түскісі келетін шетелдік ЖОО-ның атауы және мамандығы көрсетіледі.

Баянатқа өмірбаян (өз қолымен жазылған),

Әскери қызметкерлер-курсанттарды шет мемлекеттердің әскери оқу орындарына түсіру туралы ақпарат

3 фотосурет (бас киімсіз, өлшемі 4,5 x 6 сантиметр) қоса беріледі.

Іріктеу кезеңінен өту нәтижесімен келіспеген әскери қызметші бір жұмыс күнінің ішінде комиссияның төрағасына жазбаша өтініш (еркін түрде) береді.

Комиссияның хаттамасымен ресімделген өтініштің мәнісі бойынша шешімі өтініш келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде шығарылады.

Комиссияның оқуға іріктеу немесе одан бас тарту туралы шешімі әскери қызметшілердің сауалнамалық деректерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

Әскери қызметшілер, оларға қатысты бөлігінде комиссияның шешімдерімен жазбаша танысады.

Іріктеу тәртібі

Кәсіби іріктеу және шетелдік ЖОО-лар талаптарына жауап беретін жоғары әскери білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік ЖОО-ларға әскери қызметшілерді іріктеу үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде – осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген келіп түскен құжаттар негізінде әскери қызметшілердің тізімдері қалыптастырылады; 2) екінші кезеңде – оқыту тілі бойынша тестілеу, онда әскери қызметші шетелдік білім беру ұйымында оқытылатын болады. Оқыту тілі бойынша тестілеу іріктелетін оқыту тілін меңгеру деңгейін айқындау үшін өткізіледі. Тестілеу сұрақтары негізгі орта білім беру бағдарламаларын ескере отырып құрастырылады және 30 сұрақтан тұрады, 1 сұрақ 1 балға теңестіріледі. Шекті деңгей 10 балды құрайды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі әскери барлау органдарының мамандықтарына іріктелетін әскери қызметшілерге психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізіледі.

3) үшінші кезеңде – конкурстық іріктеу жүзеге асырылады. Конкурстық іріктеу ең жоғарыдан ең төменгі рейтингілік балға дейін іріктелетін рейтингін жасауды қамтиды және оны іріктеу комиссиясы жүргізеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсынылмайтын іріктелетін әскери қызметшілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

Рейтинг оқыту тілі бойынша тестілеу нәтижесін және ҰБТ нәтижесін қосу

арқылы қалыптастырылады.

Оқуға бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін рейтингіде тұрған, іріктеудің екінші кезеңінің шекті деңгейінен өткен әскери қызметшілер жіберіледі.

Іріктеудің әрбір кезеңінен тек бір рет өтуге рұқсат етіледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген әскери қызметші келесі кезеңге жіберілмейді.

Шетелдік ЖОО денсаулық жағдайына анағұрлым жоғары медициналық талаптар қойған жағдайларда әскери қызметшілер іріктеу жылының 25 тамызына дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) сәйкес кезектен тыс стационарлық (амбулаторлық) медициналық куәландыруға жіберіледі.

Егер шетелдік ЖОО-ға қабылдау шарттары осы Қағидаларда көрсетілген қабылдау шарттарынан өзгеше болған жағдайда, іріктеу Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен келісімшарттары, сондай-ақ оқуға шақырулар негізінде жүргізіледі.

Қабылдаушы тарап іріктеуден өткен оқуға түсушімен қабылдаушы тараптың талаптарына сәйкестігіне өңгімелесу және/немесе емтихан өткізеді. Оқуға түсуде өңгімелесу және/немесе емтиханның нәтижелері шешуші болып табылады.

Іріктелген әскери қызметшілерді шетелдік ЖОО-ларға жіберу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

ҚР ҚМ ЖОО-ның кадр органы шетелдік ЖОО-да оқу үшін іріктелген әскери қызметшімен ҚР ҚМ ЖОО-ға оқуға түсу кезінде жасасылған әскери қызмет өткеру туралы келісімшартқа Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығына сілтеме жасаумен одан әрі шетелдік ЖОО-ға оқуға жіберілгені туралы жазба жасайды. Енгізілген жазба іріктелген әскери қызметшіге қолтаңбасын қойғызумен жеткізіледі және жеке ісіне қоса тігіледі.

Шетелдік жоғары оқу орындарына оқуын жалғастыру үшін іріктелген әскери қызметшілер шетелдік жоғары оқу орындарына түскен ҚР ҚМ жоғары оқу орны жеке құрамының тізімдерінде ұсталады және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімшарттарына, сондай-ақ оқуға шақыруға сәйкес тиісті үлес түрлерімен қамтамасыз етіледі.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Түркістан облыстық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын іріктеу мақсатында отырыс өткізілді. Отырыс Түркістан облысы мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішевтің жетекшілігімен өтті. Жиынға Қоғамдық кеңесті қалыптастыру

жөніндегі жұмыс тобына кандидаттар мен байқаушылар қатысты.

Отырыс барысында жұмыс тобының құрамына мүшелерді іріктеу және жұмыс тобының басшысын сайлау мәселелері талқыланды. Қоғамдық кеңестің жұмысына жауапкершілікті арттыру және

тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жұмысшы топтың басшысы болып Полат Мұратұлы Тұрсынбаев сайланды.

Түркістан облысы мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев өз сөзінде, облыстық Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобына үлкен сенім артылып отырғанын атап өтті. Ол жұмыс тобының құрамына сайланған әрбір мүшеге табыс тілеп, атқарылатын жұмыстардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Жиында Қоғамдық кеңесті қалыптастыру және оның тиімді жұмысын қамтамасыз ету жолында жүргізілетін шаралар туралы да пікірлер айтылып, осы бағыттағы жоспарлар талқыланды.

155 МЫҢ ТОННА ҚЫЗАНАҚ ӨСІРЕТІН ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Астанада ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Alarko Holding» компаниясы өкілдері және Шымкент қаласының әкімдігі арасында «Alsera KZ» ЖШС-мен инвестиция тарту туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім «Қазақстанда жылыжай кешенін салу және пайдалану» жобасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Келіссөздерге Түркия Республикасының Қазақстандағы Елшісі Мұстафа Капуджу, ҚР СІМ Инвестициялар комитетінің және «Қазақ Инвест» ҰК өкілдері де қатысып, жобаның маңыздылығын атап өтті.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров бұл жобаның ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудағы рөлін ерекше атап өтіп, Түркияның Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі негізгі серіктестерінің бірі екенін жеткізді. Министр Түрік компанияларының өнімді қайта өңдеу, озық технологиялар енгізу, жылыжай шаруашылығы және суару жүйесіне белсенді түрде инвестиция салуда екенін атап өтті.

«Alsera KZ» компаниясымен жасалған инвестициялық келісім жобаның 25 жылдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді міндеттемелерді көздейді», – деді Айдарбек Сапаров.

Түрік инвесторымен және «Alarko Holding» бас компаниясымен қарым-қатынас 2023 жылғы тамызда өзара Ынтымақтастық туралы Меморандумға және Жол картасына қол қою арқылы басталды. Шымкент қаласының әкімдігі мен компания ара-

сында да меморандумға қол қойылды.

Келісім жылыжай кешенін салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыруды көздейді. Кешеннің қуаты жылына 155 мың тонна қызанақ өсіруге мүмкіндік береді. Жоба екі кезеңнен тұрады



және 2028 жылы толық іске қосылуы жоспарланып отыр. Жобаның жүзеге асуы нәтижесінде 5000-ға дейін жаңа жұмыс орны ашылады.

Жобаның жалпы құны 650 миллион АҚШ долларын құрайды, оның барлығы шетелдік инвестор есебінен қаржыландырылады.

Мемлекет тарапынан жобаны қолдау мақсатында салықтық преференциялар мен қажетті инфрақұрылымның дамуына байланысты шаралар қарастырылған.

Сонымен қатар, министр жобаның әлеуметтік аспектілеріне де ерекше назар аударды. Инвестор әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, балалар алаңдары мен балабақшалар салу, аумақты көгалдандыру жоспарларын қолға алуды көздеп отыр.

«Бұл жоба тиімді ынты-

мақтастықтың үлгісі болып табылады және агроөнеркәсіп кешеніне қосымша инвестиция тартуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Ынтымақтастық екі елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететініне сенімдіміз», – деп сөзін қорытындылады ауыл шаруашылығы министрі.

Бұл жоба Қазақстан мен

ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАА ОРТАЛЫҚ

Шымкент қаласының Тұран шағын ауданында заманауи талаптарға сай жабдықталған жаңа Оқушылар сарайы ашылды. Жалпы ауданы 9 881,9 шаршы метрді құрайтын үш қабатты ғимаратта 1 ауысымда 500 оқушы білім ала алады. Бұл жаңа нысан қаладағы білім беру және шығармашылық орталықтарының қатарын толықтырды.

Шымкент қаласының әкімі жаңа ғимаратты аралап, оның мүмкіндіктерімен танысты. Ол өз сөзінде өскелең ұрпаққа сапалы білім беру және саналы тәрбие алу үшін барынша қолайлы жағдай жасау қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар, қала басшысы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі үйірмелер мен қосымша білім беру шараларын өткізуге бағытталған жұмыс жүргізуді тапсырды.

Оқушылар сарайы 7 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға

арналған, мұнда балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Оқушыларға бассейн, интерактивті кітапхана, керамика үйірмесі, 3D модельдеу және Lego кабинеттері сынды заманауи құралдар мен арнайы кабинеттер ұсынылады.

Бұдан бөлек, биотехнологиялық және гуманитарлық блоктарда балалардың шығармашылық әлеуетін арттыруға көмектесетін фотостудия, бейне студия және журналистика үйірмелері жұмыс істейді. Бұл шаралар оқушылардың өртүрлі саладағы дағдыларын шыңдап, өзіне сенімді, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз.

Шымкенттің білім беру саласындағы бұл жаңа бастамасы – қала тұрғындарының балаларын сапалы әрі қызықты қосымша біліммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Түркістан облысының аумағында өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіру мен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады.

Департаменттің міндеті Департаменттің құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіруді жүзеге асыру болып табылады.

Бұл ретте, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 Қаулысымен бекітілген «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасының» (бұдан әрі – Қағида) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы орайда, Департаментпен Заңның 100-бабы 2-тармағына сәйкес, сауда-саттық ашық өткізіледі. Қағиданың 24-тармағына сәйкес, сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарламаны Департамент ол өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын тізілімнің веб-порталында www.e-qazyna.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде жариялайды.

Сонымен қатар, Департамент өзінің интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілер алаңдарында тізілімнің веб-порталында жарияланған хабарламаға сілтемені көрсетіп, сауда-саттық өткізілетіні туралы ақпараттық хабарламаны қосымша орналастырады.

Аукционға, тендерге, жабық тендерге немесе екі кезеңді рәсім арқылы конкурсқа қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға қатысушы болып табылады.

Жекешелендіру объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Қ.АДАМҚҰЛ,

Түркістан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Заңды тұлғалармен жұмыс және мүлікті иелену бөлімінің бас маманы

- Садақаныз қабыл болсын!
- Алла тілеуіңізді берсін!

Екі аяғы тобықтан жоғары, оң қолының саусақтары түгелімен жоқ елулерден асқан жігіт ағасы берген тиын-тебендерді молақ қолымен ебедейсіз қысып мүгедектер арбасында бет сипап отырды.

Келген сайын байқаймын. Күнделікті отырысы осы. Аудан орталығындағы базарда қайнаған жұрт.

- Мо-ро-же-ное!
- Ба-лық! Ба-лық аламыз! Әркім өз тауарын жарнамалап әлек.

Оңтүстіктің аптап ыстығы. Сонда да болса саяқ-жел қағаз, қоқыстарды сыпыра үйіріп, Үрегідік дүңгіршек, бұрыш-бұрыштарды барлай бір соғып өтеді.

Садақамды тастап кете берейін дедім де, бір-екі ауыз жөн сұрамаққа бекіндім. Осы жанның тағдырына қызығушылық өзіме жайсыз тисе де жүйкемді тыныштандыру үшін жаратушыдан іштей кешірім сұрадым. Бұл өзіме жұбаныш болды.

- Ассалаумағалейкум!
- Уағалейкум ассалам!
- Атың кім?
- Мырза.

Ешкім көңіл тоқтатып амандаспай, садақасын тастап кете бергеннің әсері болса керек. Мырза алғашқыда мән бермей, кейін барып маған асықпай, барлай қарады. Қолындағы тыныш темір қалбырға салмады да. Молақ аяқтары ебедейсіз қозғалып еріндері дір-дір етті. Қайдан көрдім дегендей. Сәлем-дестім де бастапқы қалпымды бұзбауға тырыстым. Бұзуға қақым да жоқ еді. Неге десеңіз өмірдің әрбір қалтарысын адамның бет-бейнесінен оқып үйренген мұндай адамдар бір қырсықса сөйлеуі қиын болады.

Бірінші сұрағы:

- Өзің кім боласың?
- Дәрібаймын!

Жәй сәлем беріп хәл сұрасайын деп...
Деуін десем де дауысым күмілжі шықты.

Қазақтың қара баласымын деп қосайын дедім де осы сөзді екінші бірі айта берген соң құнын жоғалтқан сияқты көрініп айтқым келмеді. Өзі не дер екен?
- Иә! - деді ол. Осы отырысым саған қызық. Жұрттың бөріне таң. Басқа түскен соң көнесің. Шыдайсың! Солай бауырым.

Ол түсін суытып темекі қалдығын арбаның жақтауына мыжи өшірді де айтсам ба, айтпасам ба деп сәл отырып әңгімесін бастап кетті: «Үлкендерден білгенім бабаларым конфискілеуге ұшырап Өзбекстанның Самарқанд облысында дүниеге келіпін. Орта білімді сонда алдым. Әскери борышымды Түркияда өтеп, 1982 жылы Арменияның Лениннакан қаласында әскери училищені бітірдім. Бірінші әйелімнен Әлсу атты қызым бар. Оренбургте тұрады. Хабарласпайды. Екінші әйелімнен екі қыз, бір бала Қарақалпақта. Оларда келмейді. Әкем деп өздері іздеп келмеген соң неге мен оларды іздеуім керек?»

Төптіштеп әсерлі етіп айттым десе де менің негізгі мәселем бұл емес екенін сезіп:

- Ө, білгің келгені қол арбаға қалай таңылдым соны сұрамақсың ғой,- деді. Өз-өзімен тынышымен отырған адамды әурелеп нем бар еді деп ойладым. Бірақ адамның жаратылысы құпия болған сайын ұмтылысы арта түсетіні секілді білсем деген ынтамды жасыра алмадым.

- Оқиға 2002 жылы Ақтауда болды,- деді ол. Таңғы сағат төрттер шамасы.

Өзімде жартылай ұйқылы-оюу жатқанмын. Қатты соққы. Автобустың аварияға ұшырағанын білдім. Басым айналып айнала бірден қараңғы тартып жүре берді.

Арғысын білмеймін.

- Сосын?

- Сосын вертолетпен жедел жәрдем келіп алып кетіпті. Есімді үш күннен кейін ауруханада жинадым. Дәрігерлер екі аяғымды тобықтан жоғары, оң қол саусақтарымды түгелімен алып тастапты. Мыжылып қалған дейді.

- Басқа амалы болмады ма?

- Болмағаны да! Сонан бері ІІ-ші топтағы мүгедек, арбаға таңулымын. Тағдыр. Адам ит жаңды деген осы!

Ол қулана күлді. Күлкі, тамаққа дауа жоқ деген рас екен. Қандай жағдайда отырса да міне, мына адам күліп отыр.

Көндіккен шарасыз адамның мысқыл күлкісі. О, өмір! Біздің емес, оның өлшеммен алып қарағанда өзіне дұрыс та шығар. Бірақ, бекер күлмегені артында айтпағы бар екенін түсіндім.

- Тағы бір жағдаятты айтсаң қандай жанға теңер едіңіз? (Ит жанды деген сөзді дауыстап айтып жіберсем керек)

- Қандай?
- Білесіз бе, сол операцияда оң бүйрегімді алып, асқазанымды да тіккен ғой.

- Рас па?

- Міне көріңіз.

Көтерген көнетоз көйлегінің астынан тыртық орындары анық көрініп тұрды. Дәтім шыдамай көзімді тез бұрып өкеттім. Бір сәт адаммен емес, Алланың адамның шыдау мүмкіндігін сынау үшін жаратқан пендесімен бетпе-бет келіп тұрғандай күй кештім. Біз адамдар денсаулықтың қадірін білеміз бе осы? Атақ пен бір сәттік ағып кетер байлық қуып өміріміздің өткенін аңғармаймыз. Болмаса мынау не? Адам бейнесіндегі міскін. Жаратушының адамдарға жасаған ескертпесі! Бар тапқаным.

- Осы жайынды екінші әйелің балаларың біле ме? - дедім

- Білгенді айтасыз ауруханадан тоғыз ай бойы хабар алмады.

мыс әйел ашты. Айналаны шөп басып адамның көп жүрмегені білініп тұр.

- Сізге кім керек?
- Мырзаны іздеп келіп едім.
- Кімі боласыз?
- Жай танысы едім.

Қандай «танысы» бар-жоғын менен гөрі өзі жақсы білсе де сыпайылық жоралғысы екенін екеумізде түсіндік. Әйел ішке қарап дауыстады.

- Тахмина, Мырзаға айтшы, бір кісі іздеп келіп тұр.

- Жуынып жатыр. Қазір...

Ойлағанмын. Бір қазақ қандасымның үйіне тап болып есікті солардың бірі ашар деп. Ал мынау Кавказ туыстас адамның үйі. Сонда қалай болғаны?

Абдырап тұрғанымда «Кіре беріңіз» - деген дауыс естілді. Аула ортасына шағын стол қойылып, Мырза бөріміз айнала отырыстық.

- Аты-жөнім Лализар Валаидзе,- деді есікті ашқан әйел. Ұлтым курдянка. Үй иесі де менмін. Он сегіз жылдан бері Мырза бізбен бірге тұрады. Как туысымыз. Мынау келінім. Балам жұмыста.

«Әй, вы тише!» Вахиттің шалбары қайта кигізілді-деп жарғылай жалаңаш маған үрке қарап тұрған немерелерін көрсетіп күліп қойды.

АРБАҒА ТАҢЫЛҒАН ТАҒДЫР

- Неге?

- Өледі деп ойлады. Өзіңіз ойлаңызшы, өлетін адамның мұның мұндасып, қайғысына ортақтасу кімге керек? Сәл шыдаса менен құтылады.

Мендей адамның болғаны да ұмытылады. Құдай бар. Бірақ мен тірі қалдым. Ол арба жақтауын сықырлата қойып қалды. Көптен бері ауыстырылмаған астындағы көпшіктен шаң бұрқ-бұрқ ұшты. Өш алғаны.

Кімнен? Қалай? Тағдырдан ба?

Екі - үш адам садақа тастады.

- Ниеттерің қабыл болсын!

- Аумин!

Байқағанымы, Мырза батасын түрліше қайыруға тырысады екен. Кім біледі, пенденің әр садақаға қайырып ерекше өтеуі осы шығар. Басқа қолынан не келеді. Көңілімде бір нәрсе күдік болып тұр. Ол қайда түнеп, кім әкеліп, кім өкетеді деген ой. Түнейді дегеннен гөрі қонады деуім керек еді. Неге екені белгісіз сол сөз оңтайыма келмей-ақ қойды.

«Мұндай адамда үй қайдан болсын?»

Сұрақ өз шешімін өзі тапты. Мырза айтқаныммен сенбейсіз. Өзіңіз келіп көріңіз деп мекен-жайын айтып үй нөмірін жазып берді.

Ертеде ауылда соқыр Жұман деген кісі болатын. Мас күйінде арбаның оғына құлап, көзі сонан зағип болған деседі. Өлгі көзі ашық адамнан артық жүретін. Айтушылар көретін кездегі жаттандылықтың әсерінен жүреді дейді.

Біз қайдан білейік. Соңынан дыбысымызды шығармай еріп отыратынбыз. Ит екен деп таяғымен жасқайтын. Соған мөзбіз. Үлкендер мазақтамаңдар жаман болады дейтін. Балалары сұйықтау болып кейін сол кісіні қарттар үйіне өткізіп жіберді.

Үй-жайы болып, балалары болмаса да мына адамның жағдайы онымен салыстырғанда дұрыс қой деп ойладым. Мені екі сынақ күтіп тұр еді. Өзі айтқандай осы мүгедек жанның үйі бар ма, әлде күрке не шошала ит байласа тұрғысыз бірнемеге тап боламын ба деген ой. Көрейін. Уақытқа қарасам сағат үш.

- Кешке қаншада үйде боласыз?

- Жетіден кейін келе беріңіз.

Шифер шарбақпен қоршалып сырты жұқа қаңылтырмен қаптаған жадағай үйдің есігін тау халқы нәсілдес жаса-

- Кешіріңіз! Сіздер курдянка, Мырза қазақ. Мұнда қалай тап боп жүр?

- Құдай көріп тұр. Бұл кісіні тапқан біз емес қызым Тахмина.

- Қалай?

- Тахмина Алматыда барахолкада сауда жасаған. Сонда арбада қайыр сұрап отырған осы адамды көріп жүрген ғой. Өз әкесі болмаған соң әкесіндей көріп жаны ашыса керек. Бірде арбасы аударылып суда құлап жатқан Мырзаны көріп, бір қолында баласы көмекке қалай шауып барғанын қызым өзі де білмей қалса керек. Жүрегі кең. Мейірімді ғой Тахмина! Сіз ұялмансыз. Шай алып отырыңыз. Лализар апа нан - тоқаштарды маған қарай ысырып қойды.

- Мен айтайын.

Темекісін құшырлана сорып түтінін будақтата жіберген Мырза әңгімеге өзі араласты.

- Алғашқыда сенбедім. Пығансың ба? - дедім суда жатып. Қолында баласы бар ғой! Тісім сақылдап суық өтіп барады.

- Жоқ! Базарда сауда жасаймын. Менімен бірге жүріңіз. Әкем болыңыз! - деді. Қарасам Тахмина жылап отыр екен.

- Айттым ғой, жүрегі кең деп. Қызым Алматыдан Оңтүстікке, үйімізге Мырзаны осылай алып келді.

- Дұрыс айтады. Көз алдымнан хабарласпай кеткен әйел, балам елес боп өтті. Туыс-жанашырым болса осы уақытқа дейін іздеп келер еді. Сонда мен нені жоғалтамын? Жүремің! - дедім көңілім босап. Сіз қазақтың үйінде емес неге күрд отбасында тұрып жатырсың дедіңіз. Олай айтпаңыз.

Жаныма батады. Адамның адамшылығы қиын сөтте, тағдырмен бетпе-бет келгенде білінеді екен. Лализар апа анамнан, Тахмина қызымнан артық.

Тамағым дайын. Кірім жуулы. Басқа маған не керек? Лализар апа қостай жөнелді.

- Ой-бай! Мырза келген күні бір апта жұмысқа шықпай дәрілерін әперіп үсті басын жуып - шайдық қой. Осығанда шүкіршілік. Тек заман тыныш болсын.

- Пенсия аласың ба?

- Жоқ.

- Неге?

Құжаттардың бөрі әрісі әр жерде, Самарқанда қалды.

- Сұрау салмадың ба?

- Айтасыз. Мына жағдайда қайдағы сұрау.

- Өзің Самарқандта туыласың Алматыға қалай келдің?

- Қалайы бар ма? 2004 жылы келдім инвалид күйіме, Қазақстанда садақаны жақсы береді. 50х50 бөлеміз деп мұнда армиялық досым алып келді. Айбек аты. Алғашқыда Айбек әйелі Гүлчехра үшеуіміз бірге тұрдық, квартирада. Кейін сөзінде тұрмады. Іш киімге ақша сұрасам бермеді. Сені кім көріп жатыр. Айбектің ескі іш киімін киіп жүре бер дейді. Темекі, пұл туралы айтпаса да болады. Бауырым түсін. Менде адаммын.

Намыс бар. Көшеге түнеп бармадым үйлеріне. Үйге жүр деді. Сонда ғой Тахминаның әкем болыңыз менімен жүріңіз дегені. Бар жақсы адамдар. Құдай көріп тұр.

- Лализар апа мұндағы күрд ағайын-туыстарыңыз қазақ «шалды» үйіне неге кіргіздің деп әңгіме айтпады ма?

- Айтты!

Сіздерде мақал бар. «Көптің ауызына қақпақ қоя алмайсың!» - деген.

Төрт мүшесі сау. Тағдыр туралы олар не біледі? Ұят жоқ! Өзіңіз ойлаңыз.

Адам ауыр халде болса оны кешеге тастауға бола ма? Рас, таныс, достарымнан ұялып Мырзаны бір ай үйде ұстадық. Кейін өзі шыдамады.

- Қалай шыдарсың! Адамдарды көргім келеді. Газет оқығың келеді. Темекіге ақша дегендей... Бұлар жоқ деген емес. Бірақ қашанғы... Базарға шығамын дедім.

- Базар дегеннен есіме түсті. Сонда қалай алып барасыздар?

- Таксистке айтып қойғанбыз. 150 теңге ертемен алып кетеді. 150 теңге кешке алып келеді. Кейін айына төлейміз сол ақшаны. Базарда айналайын іш же дейміз. Әркімнің несібесі өзімен. Құдай көріп тұр. Үйренгенбіз. Бір нәрсе айтайын сізге. Тахминаның күйеуі де инвалид. Тоққа түскен. Екі қолы жоқ. Бірақ, аяқпен компьютер басқарғанда сау адам олай басқара алмайды. Лализар апа күлген соң бөрімізде күлдік.

Қазір Алматыда протез жасатып жатыр.

- Ертелі-кеш қайыр сұрау жалықтырмайды ма?

Мырзаға бұрылдым.

- Қызықсыз сізде, неге жалықтырсың! Әр істің өз қызығы қиыншылығы болады. Бір оқиғаны айтайын. Өткенде бұзықтар иығыма пышақ қадап бақырдағы теңгемді ала қашты.

- Рас па?

- Сенбесеңіз міне?

Тахмина Мырзаның түймесін ағытып жіберіп иықтағы қарақотыр жараны көрсетті.

- Құдайдан қорықпайтындар көп!

Лализар апа орамалының ұшымен көзін сұртты.

- Тыңдаңыз,- деді Мырза. Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі деген рас екен. Ойлағанмын алыстағы базарда мені кім танып жатыр деп. Табылды танитындар! Самарқаннан келген мердігерлер танып қалып құшақтасып көрістік. Хәл-жай сұрасып, алып кетеміз деді. Бармаймын! дедім. Ата жұрт, все таки елім емес пе. Сонда ғой ала тақиялы достарым бармаймын деген соң бір-екі мың теңге тастап бұзықтардың алып-қашып жүргені.

Пендешілік сұрағымды қойдым:

- Мырза күніне садақадан қанша табасың?

- Әр қалай. Бірде жақсы. Бірде нашар 20-30 теңге садақамен байып кетсем отырмаймын ба шалқайып. Болады кейбіреулер садақаны тұрақты тастайды. Тастамайтындарды көзінен білемін. Тура қарамай төмен қарап өте шығады. Бірақ Құдай жарылқасын оларды. Тастамадың деп қарғауға болмайды ғой.

Міне, мен базарда көрген қайыршы адамның тағдыры осылай боп шықты. Өз сөзімен айтқанда күрд отбасынан пана тапқан Мырзаны да Құдай аясын! Лализар апа мені шығарып салып қиюуы қашқан қаңылтыр қақпаны көтере жапты.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Шеколдина Владимира Ивановича, умершего 08.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул. Ильяева 4-81 тел. 8-701-727-45-71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Яницкого Дениса, умершего 14.09.2017г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С.И. г.Шымкент ул. Сайрамская 235/1 тел. 8-705-285-07-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Есимбетова Байбола Ордабаевича, умершего 04.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан. обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74. тел. 8-776-366-19-72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Гуркина Владимира Васильевича, умершего 05.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шкоды Зоси Сергеевны, умершей 02.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр.Республики 20/24 тел. 8-701-550-09-89.

*** Открылось наследство после смерти гр. Умарова Инаятуллы Лупилаевича, умершего 21.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр.Отырар 59-26 тел. 8-778-402-83-83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекмурзы Калдыбека Токтамысулы, умершего 10.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41.тел. 8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пчелинцевой Галины Кирилловны, умершей 02.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Уразовой А.Т. г.Шымкент ул. Байтурсынова 70. тел. 8-777-591-06-06.

*** Открылось наследство после смерти гр. Муминасова Владимира Игнатьевича, умершего 09.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул.Аскарлова 32 тел. 8-7014-753-69-00.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байрамова Аскара Куандыковича, умершего 17.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ермекбаева Алибека, умершего 23.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т.Туркестан.обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74 тел. 8-776-366-19-72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Серикханулы Асана, умершего 08.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Румянцевой Нины Степа-

новны, умершей 11.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41. тел. 8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ковалева Анатолий Павловича, умершего 19.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан шоссе 22 тел. 8-771-307-55-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Лесова Артыкбая, умершего 20.04.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 205/3 тел. 8-705-410-09-24.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кан Людмилы умершей 18.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Даулетовой А.М. г.Шымкент мкр.Отырар 59-67. тел. 8-701-631-95-32.

*** Открылось наследство после смерти гр. Исмаиловой Кулаш Бердалиевны, умершей 28.03.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Копбаевой В. Туркестан.обл. с.Аксу ул. Жандарбекова 5 а. тел. 8-702-786-05-82.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдишукуровой Калдыкиза Стамкуловны, умершей 21.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алиевой Н. г.Шымкент ул. Адырбекова 165-17. тел. 8-701-633-50-99.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сыдигалиева Султанбека Усманаевича, умершего 07.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кентаеву К.К. г.Шымкент мкр.Спотивный 6-56 тел. 8-702-201-55-66.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пернебаева Талипбая, умершего 23.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Балаби Г.А. г.Шымкент ул. Ахунбаева 20. тел. 8-777-098-89-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нуждиной Людмилы Андреевны, умершей 07.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/5 тел. 8-702-996-27-79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Буриева Нарбека, умершего 29.02.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову

С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Малаховой Нины Егоровны, умершей 05.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54 тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Курепиной Элеоноры Петровны, умершей 22.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41. тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саховой Шынаркуль Кыздарбековны, умершей 05.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул Тулеметова 35. тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Курбанбаева Абзала Бектасовича, умершего 09.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Таукебаевой М.С. г.Шымкент ул. Тажибаева 12 а. тел. 8-702-972-26-06.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пасько Любовь Михайловны, умершей 16.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54 тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ерназарова Хасанхана, умершего 18.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толеди 39 тел. 8-778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекметовой Гульбары Жунтаевны, умершей 21.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Галда-Барановский Сергей Александровича, умершего 06.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Н. г.Шымкент ул.Жангельдина 19/2 тел. 8-701-717-15-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Эримбетова Абдишукира Уринбековича, умершего 03.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел. 8-702-996-27-79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Муратовой Курманкул Байтемировны, умершей 21.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Имановой Г.А. г.Шымкент 3 мкр. дом 3 в. тел. 8-701-729-25-41.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абишева Турманбай Калдыбаевича, умершего 10.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алиева Байсеита Бекбулатовича, умершего 26.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А. г.Шымкент ул.Толеди 33 тел. 8-778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Акимбаевой Сапаркуль Аналбаевны, умершей 10.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Асилбековой Г.М. г.Шымкент ул.Бейбитшилик 22 тел. 8-705-895-71-81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Диденко Людмилы Васильевны, умершей 07.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54. тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Комарова Николая Викторовича, умершего 19.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г.Шымкент пр.Кунаева 59 тел. 8-777-417-72-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шкрыль Юрий Григорьевича, умершего 26.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел. 8-702-996-27-79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тапалова Нуржана Турганбековича, умершего 16.10.2015г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сайпова Турмута, умершего 19.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жабаевой Базаркул Сопыхановны, умершей 23.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мирзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/24. тел. 8-701-554-77-21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хашимовой Ирины Ивановны, умершей 20.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр. Республики 20/24. тел. 8-701-550-09-89.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сансызбаева Бауыржан Абибуллаевича, умершего 26.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ургешбаевой Р.О. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 6 а. тел. 8-702-253-49-23.

Жарамсыз деп танылсын

*** Сапарова Лаура Муратбековна атына тіркелген ОҚМА "Мамандандырылған медициналық көмекті жетілдіру" курсы бойынша 2022ж. 03.10-12.10 аралығында өтіліп берілген № 30-РБ біліктілікті арттыру куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерянную печать ТОО "Eco City Shym" БИН 220940006343 считать недействительной.

*** Утерянные документы ТОО "Emin Servis" БИН 160740003615 иностранного бланк разрешения на международные перевозки грузов за 2024г. Беларусь 3 страна №4398689 считать действительными.

*** Утерянные документы ТОО "АЕМ -COMPANY" БИН 211140001681 иностранного бланк разрешения на международные перевозки грузов за 2024г. Беларусь № 4398697 считать недействительными.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалтас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану аяқсыз тегінен.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Қызылорда, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

658336

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Талсымы: №021

Таралымы: 5070

Немірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды.

«Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Инкай» БК» ЖШС-гі ҚР Экологиялық кодексінің 96 б. сәйкес 04.03.2025 ж. сағ. 15:00-де Түркістан обласы, Созак ауданы, Тайқоңыр ауылы DEMUR мәдениет үйінде Әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алуға өтініш беру материалдары бойынша (ЖБШН, ЖБТН, ЭБ, ҚББ, ТҚШ), сондай-ақ «ЖШС «БК «Инкай» вахталық лагерін кеңейту 6-кезең», «Инкай» кен орнының ПВ-1 учаскесінде қолда бар ӨЕҚЦ реконструкциялаумен УШТТ түрінде жылына 4000 тонна уран өндірістік қуатымен афинаж цехын салу» жобаларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жобаны әзірлеуші: «AsiaGeoProject» ЖШС-гі, ҚР, 050013, Алматы қ-сы, 5-я Кирпично-заводская к-сі, 15, БСН 050640011530 моб. тел: 87772334722. электрондық пошта: bsa@asiageo-project.kz

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Инкай БК» ЖШС-гі, ҚР, Шымкент қ-сы, Қонаев д-лы, 80, БСН 960340001136., электрондық пошта: tabisheva@inkai.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz> және ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы» ММ сайтында танысып өтуге болады. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Түркістан қ, Б.Саттарханов даңғылы, 27П. E-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 45к12'40"с.е., 67к31'42"ш.б.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай енгізілгенде, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Сілтеме <https://uso4web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар ecportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «ИНКАЙ», в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 04.03.2025 г. в 15:00 по адресу: РК, Туркестанская область, Сузакский район, с.Тайқоңыр, в здании дома культуры DEMUR проводятся общественные слушания по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие (НДВ, НДС, ПЭК, ПУО, ППМ), а также Разделы «Охрана окружающей среды» к проектам «Расширение вахтового лагеря ТОО «СП «Инкай» 6 этап» и «Строительство аффинажного цеха производственной мощностью 4000 т урана в год в виде ЗОУ с реконструкцией существующего ЦППР на участке ПВ-1 месторождения «Инкай».

Разработчик проекта: ТОО «AsiaGeoProject», РК, 050013, г. Алматы, ул. 5-я Кирпичнозаводская, 15, БИН 050640011530, моб. тел. 87772334722, электронный адрес: bsa@asiageo-project.kz.

Инициатор деятельности: ТОО «СП «ИНКАЙ», РК, г. Шымкент, пр.Кунаева, зд.80, БИН 960340001136, электронный адрес: tabisheva@inkai.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов д. 27п. E-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Географические координаты территории воздействия 45к12'40"с.ш., 67к31'42"в.д.

В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественное слушание проводится в онлайн-режиме. Ссылка: <https://uso4web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале ecportal.kz, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

ҚАЗАҚСТАНДА ІТ-ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ \$470 МЛН-НАН АСТЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ІТ-қызметтер мен өнімдер экспортын дамыту мәселелері қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады.

Оның айтуынша, Қазақстанның ІТ-экспорты оң динамиканы көрсетіп отыр. 2024 жылдың 9 айы бойынша ол 471 млн долларды құрады. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26% - ға көп. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мақсат – 2026 жылы \$1 млрд-қа жеткізу.

Қазақстанның ІТ-экспортын ілгерілетуде Astana Hub басты рөл атқарады. Astana Hub резиденттерінің саны 1,5 мың компаниядан асты, оның ішінде 400-і халықаралық. Олардың жалпы кірісі 2024 жылы 620 млрд теңгені құрады. Бұл ретте экспорттан түскен табыс 227 млрд теңгені, яғни \$479 млн-ды құрады.

Жаслан Мәдиев Astana Hub резиденттерінің экспорттық географиясы 90-нан астам елді қамтитынын хабарлады. Astana Hub резиденттерінен басқа «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның GovTech өнімдері алғаш рет экспортқа шықты. Мұндай шешімдердің қатарына Smart Data Ukimet, Smart Bridge және ИНБП веб-сайт құрастырушысы кіреді.

Министр бүгінде Қазақстанда ірі халықаралық ІТ-компаниялар мен шетелдік ІТ-мамандарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын жеткізді. Оның сөзінше, үздік 10 ІТ-экспорттаушының негізгі бөлігі – Қазақстанға көшу туралы шешім қабылдаған шетелдік компаниялар. Нәтижесінде еліміз тек ірі қалаларда ғана емес, елдің аймақтарында да жаңа жұмыс орындарын алуда. Сондай-ақ, экспорттық кіріс

түрінде жаңа капитал ағынын алады.

«Цифрлық көшпенділер» деп аталатын шетелдік ІТ-мамандарды тарту үшін жаңа Digital Nomad Visa және Digital Nomad Residency бағдарламалары іске қосылды. Бұл тұруға рұқсат алудың жеңілдетілген онлайн процедуралары. Бүгінде Қазақстанда 20 өңірлік ІТ-хаб жұмыс істейді. Astana Hub-тың барлық бастамалары қазір өңірлердегі ІТкомпанияларға қолжетімді.

2021 жылдан бастап Қазақстан 114 мыңнан астам ІТ-маманды, оның ішінде тек 33 мыңнан астамын 2024 жылы оқытты. Жоғары оқу орындары мен колледждердегі ІТ-білімге қосымша TechOrda бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама қысқа мерзімде және сұранысқа ие бағыттар бойынша 20 мың ІТ-маман даярлауға мүмкіндік береді. TechOrda түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 90%-ға жуық екенін атап өткен жөн. Бұл ретте мемлекеттік инвестициялар, жеке табыс салығы арқылы бюджетке қаражатты қайтарудың арқасында, бір жылдан аз уақыт ішінде өтеледі.

Бұған қоса, халықаралық тәжірибені жеткізу мақсатында Министрлік стартаптар үшін кремний алқабынан жетекші даму бағдарламаларын тартты. Бұл Google for Startups, Plug & Play, Draper University және Alchemist сияқты үздік бағдарламалар. Осы бағдарламалар арқылы стартаптар инвестицияларға, білім мен мүмкіндіктерге қол жеткізе алады. 70-ке жуық стартап даму бағдарламалары бойынша қолдау алды. \$30 млн-нан астам инвестиция тартылды.

Сонымен қатар Қазақстан ІТ-хабтардың халықаралық желісін құруда. АҚШ, Сауд Арабиясы, Сингапур және жақында Ұлыбританияда ІТ хабтар ашылды. Қазақстандық стартаптарға



инвестициялар тарту және экспортқа шығу үшін шетелдік инфрақұрылым қолжетімді.

Отандық венчурлық индустрияны талдау нәтижесі көрсеткендей, венчурлық мәмілелердің 90%-ы қаржыландырудың алғашқы кезеңдерінде жүреді. Оған қоса, инвестициялардың мөлшері негізінен \$1 млн-нан аз. Осыған байланысты венчурлық инвестициялау қорын құру қажеттілігі туындады.

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Астана» Халықаралық қаржы орталығы» юрисдикциясында венчурлік инвестициялар қорларының қорын Astana Hub базасында іске қосуда. Қордың нысаналы көлемі \$1 млрд-ты құрайды. Қазірдің өзінде инвесторлардан \$130 млн-ға алдынала өтінімдер жиналды.

Жаслан Мәдиев аталған қордың ерекшелігі – ол негізінен жеке капитал есебінен қалыптасатынын мәлімдеді. Қор өңірден келген таланттар мен стартаптар үшін магнитке, шетелдік инвестицияларды тартудағы негізгі әріптеске және шетелдік жоғары технологиялық компанияларға инвестициялар арқылы Қазақстанға технологиялар трансфері үшін құралға айналады.

ЕЛІМІЗДЕГІ ШӘКІРТАҚЫ ТӨЛЕУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ АРТАДЫ

Мемлекеттік шәкіртақы төлемдері – студенттерді қолдаудың маңызды құралы, бұл олардың қаржылық шығындарын ішінара жабуға және оқуына көңіл бөлуіне көмектеседі. Соңғы жылдары оқу орындарының студенттеріне материалдық қолдауды күшейту бағытында үлкен қадам жасалды, бұл білім берудің қолжетімділігін арттыру және академиялық жетістіктерді ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі саналады.

Осылайша, 2020 жылдан бері оқу озаттарына, сондай-ақ әлеуметтік осал санатты студенттерге: жетім балалар мен мүгедектігі бар жандарға мемлекеттік стипендиялардың көлемі екі есе артып, қосымша төлемдер қарастырылған.

2022 жылдан бастап ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес шәкіртақы төлеу міндеті «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамына тапсырылды. Алайда, Ғылым және жоғары білім министрлігінің бизнес-процестерін автоматтандыру нәтижесінде жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу орындарында стипендия төлеу процесін толығымен орталықтандыру тек 2024 жылы енгізілді, бұл жүйенің ашықтығы мен тиімділігін едәуір арттырды.

Функциялардың «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамына берілуі стипендияларды әкімшілендірудің бірыңғай тәсілін енгізуге, еңбек шығындарын оңтайландыруға және жалпы ашықтықты жақсартуға

ықпал етті. Қаражаттың мақсатсыз жұмсалыу тәуекелдерін барынша азайту үшін студенттердің деректері бірнеше мемлекеттік деректер базасында тексеріледі.

Қазіргі таңда 88-ден астам жоғары оқу орнында шәкіртақы уақыты төленіп, ай сайын 200 мыңнан астам студент қамтылған. Қаражат студенттердің екінші деңгейлі банкітерде ашылған ағымдағы банктік шоттарына немесе ұлттық пошта операторы арқылы аударылады. Барлық төлем белгіленген ережелерге сәйкес айдың соңына дейін төленеді.

2025 жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік стипендиялар көлемі келесідей болады:

- Докторанттар үшін, оның ішінде «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша – 262 500 теңге;
- Резидент-дәрігерлер мен медицина мамандықтары бойынша магистранттар үшін – 134 664 теңге;
- Магистранттар үшін – 117 098 теңге;
- Интерндер үшін – 94 862 теңге;
- Педагогикалық және медициналық бағыттар студенттері үшін – 84 000 теңге;
- Басқа мамандықтар студенттері үшін – 52 372 теңге;
- Техникалық және кәсіптік білім беру (жұмысшы мамандықтары) студенттері үшін – 41 896 теңге;
- Орта техникалық және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері үшін – 43 574 теңге.

Ликвидация

*** Сельскохозяйственный производственный кооператив «Нурислам» объявляет о своей ликвидации (БИН 160840023425) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан. г.Шымкент СТ"Связист" ул.Вишнева 152.

*** ТОО "Europe Lombard" объявляет о своей ликвидации (БИН 180940014275) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул.Сайрам дом 16 п/и 161200.

***ТОО "Alma Str" объявляет о своей ликвидации (БИН 190740031894) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан. Алматинский обл. с. Ащыбулак ул. Калиева 11 п/и 040000.

*** ТОО "Жеті өнер" объявляет о своей ликвидации (БИН 190940029265) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Казыгурт ул.Акмешит 65 п/и 160000.

*** ТОО "Дамемед" объявляет о своей ликвидации (БИН 201140019494) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Нурсат сооруже-ние 22 кв 2 п/и 160000.

*** ТОО "Express TUR" объявляет о своей ликвидации (БИН 241140036709) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул.Боген дом 37 п/и 161200.